

## **Сингапур Республикасының Сауда және индустрия министрі Джордж Еоның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау мен өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 21 шілдедегі N 151-ө өкімі

Қазақстан Республикасы мен Сингапур Республикасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту және Сингапур Республикасы Сауда және индустрия министрінің Қазақстан Республикасына 2003 жылғы 18-21 шілдедегі ресми сапарын дайындау мен өткізу жөнінде Алматы және Астана қалаларында протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Сингапур Республикасының Сауда және индустрия министрі Джордж Еоның Қазақстан Республикасына 2003 жылғы 18-21 шілдедегі ресми сапарын дайындау мен өткізу жөнінде Алматы және Астана қалаларында ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Сингапур Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің тұруына ақы төлеуге 1284870 (бір миллион екі жүз сексен төрт мың сегіз жүз жетпіс) теңге бөлсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) делегацияның ресми бөлігін өкілдік сыныбындағы автомашиналармен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Алматы және Астана қалаларында жүру бағыттары бойынша Сингапур Республикасы ресми делегациясының мүшелерімен бірге жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша), "Қазинвест" инвестицияларға жәрдемдесудің қазақстандық орталығы" ЖАҚ (келісім бойынша) Сингапур Республикасының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министріне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК